

№72 мектеп-лицейінің қосымша біліммен қамтылуы бойынша ақпарат


Мектепшілік үйірмелердің тиімділігі: Үйірмелер мен секциялардың жетекшілері ретінде 2023-2024 оқу жылында 19 педагог жұмыс жасады, 1230 оқушы тегін үйірмелер мен секцияларға қамтылды. Мектепте оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін жақсы жағдайлар жасалған деп айтуға болады. Мектепте тегін және ақылы үйірмелер өткізіледі, бір жылға арналған бағдарламалар мен тақырыптық жоспарлары құрастырылған.


1. Оқушылардың физикалық дамуын жақсарту мақсатында мектепте «Баскетбол», «Волейбол», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ», волейболдан қыздар арасында үйірмелер ашылды. Жыл басынан бастап командалар бірнеше жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Үйірмелер мен спорт секцияларына қатыса отырып, балалар бос уақыттарын жеке тұлғаны дамыту үшін оң мақсатта пайдаланды. Оларға мектеп спорт залы, би залы, стадион, шахмат алаңы, ұлттық ойын алаңы ұсынылды. Оқушыларымыз осы жылы шахматтан Республикалық жарыста жүлделі 3 оынды иеленді.
2. Оқушылардың интеллектуалдық дамуы үшін де оңтайлы жағдай жасалған. «Қолөнер», «Робототехника», «STEM лаборатория», «Бағдарламалау», «3Д модельдеу» және IT сыныптары жұмыс жасайды. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық-2024» ашық шығармашылық қалалық байқауынан «3Д модельдеу» және «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша қола жүлдегерлері атанды.
3. Оқушылардың қызығушылығын, бейімділігін және дарындылығын қанағаттандыру мақсатында «Назерке» би үйірмесі, «Театр өнері», «Эстрадалық ән», «Домбыра», «Дәстүрлі ән» үйірмелері жұмыс жасайды. Эстрадалық байқаулардың жеңімпазы атанған 8 «3» сынып оқушысы Кунадилова Аделя, Францияда өтетін концертке қазақ эстрада жұлдызы Димаш Құдайбергеновпен бірге дуэт айту мәртебесіне ие болды.
4. Өзін-өзі тәрбиелеу және шығармашылықпен айналысуда мектепте «Өзін-өзі басқару» ұйымы, «Ұшқын» қазақ, орыс дебат үйірмелері жұмыс жасайды. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Speaking club», «Soile» клубтары құрылып жұмыс жасады.

Үйірме және секцияларға қатысу мониторингі

Оқу жылы	Барлық бала саны	Мектепшілік		Мектептен тыс		Қатыспайды		Барлығы	
		саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2021-2022	4052	730	18 %	2714	67%	608	15%	3444	85%
2022-2023	5325	966	18 %	3934	74 %	425	8 %	4900	92%
2023-2024	6223	1230	20 %	4806	77%	187	3 %	6036	97%

Оқушылардын үйірме, секциялармен қамтылуы



ТЖКО:  Копбаева Ж.О.